

**ПРОКТОРИНГ БОЙЫНША БІЛІМ
АЛУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН ЖА-
ДЫНАМА**

aero

Aeroexam Helpdesk
+77784669860
support@aeroproctoring.com

AERO – интеграцияның ең оңай кросс-платформалық прокторингі. Жүйе білім алушыларды автоматтаты түрде аутентификациялау, алдауды тексеру үшін бет-әлпетті тану және компьютерлік көру технологияларын қолданады. Жүйе жаңадан қосымша беттердің ашылуын, емтихан кезіндегі сөйлесулерді және камераны өшіру әрекеттерін бақылайды. Біздің сайт сөйлеуді анықтайды, оны мәтінге айналдырады және емтиханнан кейін емтихан алушыға көрсетеді.

AERO прокторинг жүйесінің ерекшелігі – жүйе оқытушы атынан ешқандай шешім қабылдамайды, жүйе емтихан алушыға барлық күдікті әрекеттерді ескертіп, оны ыңғайлы есеп түрінде береді.


Жүйе Moodle, Univer және Платонус автоматтандырылған ақпараттық жүйелерімен ыңғайлы интеграцияланған және оны Қазақстан, Ресей және Малайзия бойынша барлық жоғары оқуорындары қолданып келеді. Автоматтандырылған ақпараттық жүйемен ұздіксіз интеграцияның арқасында AERO ешқандай құпия ақпаратқа: (аты-жөні, бағалары), білім алушының басқа да құпия деректеріне қол жеткізе алмайды*.

* Растаушы деректерді университеттің IT бөлімінен алуға болады.

Білім алушылар браузерге арналған кеңейтімді компьютерге / ноутбукке / орнатузы қажет. Сілтеме Moodle басты бетінде Aero proctoring оң жағында қол жетімді. Тіркеуге тек 1 рет қана рұқсат етіледі (фотосурет реєми түрде, бас киімсіз, маскасыз, көзілдіріксіз және т.б. болуы керек).

Moodle басты бетінде «БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН БЕЙНЕ НҰСҚАУЛЫҚТАР» атты қосымша бетте орыс, қазақ және ағылшын тілдеріндегі бейне нұсқаулықтар, PDF форматында үйретуші нұсқаулықтар бар.


Жасанды интеллектпен прокторинг бойынша білім алушыларға арналған жадынама



Веб-камерасы бар компьютерден
немесе ноутбуктен тапсыру

Веб-камерасы бар компьютерден немесе ноутбуктен тапсыру

Рұқсат етілген әрекеттер:




1. Басты аз уақытқа бұры (10 секундтан аспауы керек);



1. Басты аз уақытқа бұры (10 секундтан аспауы керек);



3. Бөтен дыбыстар емтиханға қатысты болмаса, бұзушылық болып саналмайды;



4. Интернет байланысының үзілуі.

Білім алушыға:

1. Ұялы телефонды, планшетті, смарт-сағаттарды немесе кез келген басқа электрондық құрылғыны пайдалануға;
2. Шпаргалкаларды, конспектілерді, кітаптарды, жазбаларды не басқа да баспа немесе электрондық ақпараттық ресурстарды пайдалануға;
3. Экранның артындағы мәтінді оқуға (егер студент экранның жаңына қарап, бірдене оқыса);
4. Емтихан кезінде жұмыс орнын тастан кетуге;
5. Бөтен адамдардың ұзақ уақыт болуына (5 минут және одан көп уақытқа);
6. Бөтен адамдардың көмектесуіне;
7. Тест тапсырушыны бөтен адамның ауыстыруына;
8. Емтихан кезінде сөйлесуге;
9. Тапсырманы Moodle-ден көшіруге, дайын жауаптарды қоюға және іздеу жүйелерін пайдалануға;
10. Емтиханның қосымша бетінен басқа қосымша беттерді ашуға;
11. Емтихан тапсырылатын браузерден басқа браузерді ашуға;
12. (егер емтихан жауап ретінде файлдарды жүктеуді ескерсе (MS Word, MS Excel) бос файлдарынан басқа) бөгде қосымшаларды (WhatsApp, Telegram, толтырылған doc, pdf файлдарын және т.б.) ашуға;
13. Құлаққапты (кез келгенін) қолдануға;
Ескертпе: студент қыздар емтихан басталар алдында шаштарын жинауы қажет;
14. Камераға, микрофонға немесе экран жазбасына кіруді өшіруге;
15. Интернетті өшіруге;
16. Емтихан кезінде кіріс қоңырауларды қабылдауға;
17. AERO кеңейтімін жабуға;
18. AERO кеңейтімін жоюға тыйым салынады.


Прокторингті аprobациялау режимінде мынадай шарттар сақталады:

1. Жоғарыда көрсетілген бұзушылықтар пайда болған кезде (1-18) білім алушы қайта тапсыруға жіберіледі.
2. Білім алушы қайта тапсыруға тек бірінші емтихан/дифзачет/ҚР бойынша және емтихан тапсырган күні / келесі күні бір рет жіберіледі!
3. Проктор білім алушының жауабын бұзушылықсыз бағалау туралы шешім қабылдаған жағдайда прокторинг есебін қарағаннан кейін емтихан алушыға есеп береді. Емтихан алушы жұмысты бағалайды.
4. Қайта тапсыру кезінде бұзушылықтар анықталған жағдайда (1-18) прокторинг есебіне сәйкес кафедра шешімімен білім алушы сабакқа қайта баруга жіберіледі.
5. Академиялық адалдық қағидаларын бұзған білім алушылардың тізімі факультеттер мен орталықтарға ұсынылады.

Форс мажорлық жағдайлар кезінде білім алушылардың жауап беру әдістері:

1. Емтихан кезінде интернет өшіп қалды.
2. Емтихан кезінде үйде жарық сөніп қалды.
3. Moodle автоматтандырылған ақпараттық жүйесі емтиханға дейін/емтихан кезінде немесе жауптарды жүктеу үшін жүктелмегі.
4. Компьютер өшіп қалды, жұмысы баяулап қалды.

1-4 тармақтардағы сияқты жағдайлар туындаған кезде прокторға жүгіну қажет (байланыс нөмірлері «Астана медицина университеті» KeAK сайтында). Білім алушы академиялық жұмыс күніндегі проректордың атына өтініш (A4 форматы), техникалық ақаудың скриншотын қоса беріп, электрондық пошта арқылы, WhatsApp арқылы прокторға ұсынуы тиіс. Білім алушы туындаған жағдайдың нақты себебін айқын көрсетуі тиіс.



Өтініш үлгісі:

Мен, _____ білім алушының аты-жөні _____, _____ мамандығы бойынша _____ тобының студенті/интерні/резиденті/магистранты/докторанты, Moodle платформасында _____ пәні бойынша емтихан тапсыру кезінде _____ емтихан тапсыру күні _____ жылы _____ сағат _____ минуттан бастап _____ сағат _____ минутқа дейін келесі мәселе туындағы:

- Интернетім өшіп қалды.
- Емтихан кезінде үйде жарық сөніп қалды.
- Moodle автоматтандырылған ақпараттық жүйесі емтиханға дейін/емтихан кезінде немесе жауптарды жүктеу үшін жүктелмегі.
- Компьютер өшіп қалды, жұмысы баяулап қалды.
- Басқа да себеп.

5. Тіркеле алмаган жағдайда.
Білім алушы кеңейтімдегі көмек терезесінде немесе +7 778 466 9860 телефон нөміріне немесе support@aeroproctoring.com поштасына жазады. Мәселені шешу үшін Zoom-да қонырау шалу ұйымдастырылады.
Техникалық ақаулар болған жағдайда мәселелер 2 (екі) жұмыс күні ішінде шешілетін болады.
6. Жабдыққа қосыла алмаған жағдайда.
Білім алушы кеңейтімдегі көмек терезесінде немесе +7 778 466 9860 телефон нөміріне немесе support@aeroproctoring.com поштасына жазады. Мәселені шешу үшін Zoom-да қонырау шалу ұйымдастырылады.
Техникалық ақаулар болған жағдайда мәселелер 2 (екі) жұмыс күні ішінде шешілетін болады.
7. Аутентификациядан сәтсіз өтуіне байланысты жүйе іске қосылмаған жағдайда.
Білім алушы кеңейтімдегі көмек терезесінде немесе +7 778 466 9860 телефон нөміріне немесе support@aeroproctoring.com поштасына жазады. Мәселені шешу үшін Zoom-да қонырау шалу ұйымдастырылады.